

<b>Қаржыландыру көзі</b>	2023-2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру (Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі)
<b>Басым бағыттар</b>	Өмір және денсаулық туралы ғылымдар
<b>Мамандандырылған ғылыми бағыттар</b>	Қазақстанның генетикалық ресурстарын зерделеу, сақтау және ұтымды пайдалану. Мониторинг пен қоршаған ортаны қорғаудың инновациялық тәсілдері
<b>Жоба ИРН:</b>	AP19177914
<b>Жобаның атауы:</b>	«Қазақстанның әр түрлі тау жоталарындағы <i>Prunus subgen. Amygdalus</i> (L.) Focke туыс тармағының эндемикалық өкілдерінің генетикалық полиморфизмін зерттеу»
<b>Жоба жетекшісі</b>	Оразов Айдын Ерғалиұлы, PhD, қауымдастырылған профессор м.а.
<b>Іске асыру мерзімдері</b>	2023-2025 ж.
<b>Өзектілігі</b>	Қазақстан сирек және эндемикалық өсімдік түрлеріне бай болып табылады. Олардың тығыздығы Батыс Тянь-Шаньның Қаратаудың таулы аумақтарында, Орталық Қазақстанның аласа тауларында, Алтай мен Тарбағатайдың бірқатар таулы бұталы және далалық белдеулерінде, Мұғаджар Жайық жоталарында шоғырланған. Қазақстанның <i>Rosaceae</i> Juss тұқымдасының <i>Prunus</i> туысының <i>Amygdalus</i> (L.) Focke. тармағының <i>Prunus ledebouriana</i> (Schltdl.) YY Yao, <i>Prunus tenella</i> Batsch, <i>Prunus retunnikowii</i> (Litv.) Rehder және <i>Prunus spinosissima</i> (Bunge) Franch. түрлерді нашар зерттелген өкілдері болып табылады. Бұл ергежайлы, нашар зерттелген, жоғары сәндік қасиеті бар бұта тәрізді бадамдар тобы болып табылады. Берілген түрлерді өзара ұқсас белгілері бар болуы оларды анықтауын қиындатып, берілген зерттеу тақырыптың өзектілігін арттырады.
<b>Мақсаты</b>	<i>P. ledebouriana</i> , <i>P. tenella</i> , <i>P. retunnikowii</i> және <i>P. spinosissima</i> өсімдіктердің Тарбағатай, Алтай, Қаратау және Мұғаджар жоталарындағы популяцияның үлгілерін генетикалық әртүрлілігі мен полиморфизмінің деңгейін зерттеуге арналған молекулалық-генетикалық әдістерді қолданып түрлердің анатомиялық және морфологиялық ерекшеліктерімен байланыстыру арқылы таралу аймағын цифрлық тану (торлық карта) деректерін халықаралық дерекқорларға жүктеу болып табылады.
<b>Күтілетін нәтиже</b>	Жобаның мақсатына қол жеткізілгенін көрсететін негізгі нәтиже – Бұл Қазақстанның Қызыл кітабына енген өсімдіктердің эндемикалық түрлерін әлемдік деңгейде зерттеу, таксондар бойынша флористикалық материалдарды жариялау, халықаралық биоалуантүрлілігі деректер базалары Naturalist, GBIF, The Plant List, Plantarium, GenBank және т.б. арқылы электронды деректерге бақылау жүргізу. <i>P. ledebouriana</i> , <i>P. tenella</i> , <i>P. retunnikowii</i> , <i>P. spinosissima</i> әртүрлі тау жоталарындағы дарақтарына генетикалық полиморфизмді анықтау. Ғылыми басылымдарды дайындау. Ғылыми зерттеу нәтижелерін Web of Science деректер базасында Q1, Q2, Q3 енгізілген және (немесе) Scopus деректер базасында CiteScore процентилен кемінде 50 (елу) - бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланған ғылыми басылымдарда 2 мақала жариялау жоспарлануда. SSR локустарының полиморфизмі туралы алынған мәліметтер бойынша бірінші басылым, ITS, <i>srbpdh</i> , <i>trnLF</i> , <i>trnSG</i> ДНК маркерлері бойынша алынған мәліметтер бойынша екінші басылым. Таулы аймақтардың эндемикалық өсімдіктерінің гербарий коллекцияларын құру және Астана халықаралық университеті үшін гербарий индексіне ( <i>Index Herbariorum</i> ) өтінім беру.
<b>Алынған нәтижелердің мақсатты тұтынушылары</b>	Қазақстанның табиғатты қорғау мекемелері, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары, ғылыми қоғамдастық